

## Сабақ тақырыбы:

Едіге мен Көшім хандардың мемлекетті нығайту әрекеті не себепті сәтсіздікке ұшырады?



## *Оқу мақсаттары:*

- 7.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау
- 7.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру

*Тарихи концепт (фокус): себеп-салдар*

## *Зерттеу сұрақтары:*

- Едіге жыры Ноғай Ордасы туралы қандай мәліметтер береді?
- Едіге Ноғай Ордасының, ал Көшім Сібір хандығының негізін қалай қалады?



**Жырдан үзінді. Сыпыра жырау мен Жанбай би Едігеге келіп сөйлейді:**

- Едіге сұлтан ер, – деді,
- Артыңнан келдім мен, – деді,
- Кідірші батыр сен, – деді.
- Тоқтамыстай залымды
- Түсіріп тақтан қояйық.
- Тоқтамыстай залымның
- Басын кесіп алайық,
- Жоқ қылып оны, жояйық,
- Орнына сізді қояйық...



- Жырда қандай мәлімет бар?
- Бұл үзіндіде қандай тұлғалардың есімдері кездеседі?
- Сыпыра жырау мен Жанбай би Едігеге қандай ұсыныс жасайды?

# Жыр туралы не білеміз?

- Эпостың басты кейіпкерлерінің Алтын Орданы 18 жыл билеген **Тоқтамыс** хан, 20 жыл бойы оның билік тұтқасын ұстаған **Едіге**, әлемге әйгілі жиһангер **Ақсақ Темір**, **Нұраддин** сияқты дүниежүзіне танымал тұлғалар. Жыр Алтын Орда тарихынан құнды мәліметтер береді.
- Қазіргі күні «Едіге» жырының оңтүстіктегі Түрікмен, Өзбек Республикаларынан бастап, Сібір татарларына дейінгі түркілер арасында барлығы, алыс шетел Түркия мен Румыния жерлеріндегі түркілерде сақталғаны айқын болып отыр. **Елуге тарта** нұсқасы бар. Олардың кейбіреулерінің көлемі **30 мың жолға** жетеді.
- Жырдың тарихи негіздерін ғылыми тұрғыдан саралап ашуға алғаш қадам жасаған қазақтың бір туар ғалымы **Шоқан Уәлиханов** еді.

<https://adebiportal.kz/kz/news/view/21369>

Моңғол империясы ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттер қатарында Ноғай Ордасы және Сібір хандығы да бар. Осы мемлекеттердің картадағы орнын және көршілес елдерді белгіле. Олар қандай қауіп-қатерге тап болды деп ойлайсың?



Ноғай Ордасы



Сібір хандығы



Эмир Иаггея



**Едіге (1352-1419)**  
— Ноғай ордасы,  
маңғыт



**Көшім (1563 – 1598)**  
- Сібір хандығы,  
Шайбани

[Бейнематериалды көріп, сұрақтарға жауап берейік](#)

<https://www.youtube.com/watch?v=qoJZAzECF2Y>  
деректер / 15 апр. 2020

«Едіге батыр» туралы тарихи



«Тірі ұста деп Жармақты,  
Көшім хан айтты  
жарлығын.

Көрсетем деді жауызға  
Кен дүниенің тарлығын.  
Татар, қазақ, естектер,  
Жармақтың қолын қырады.  
Кұтылтпай тірі ешбірін,  
Қылышпен бәрін турады.  
Кетпесің деп тіріліп,  
Қанжармен ішін жарады.  
Жармақтың бес жүзжендеті  
Түгел қаза табады.  
Бізді қыр деп мұсылман,  
Шақырған жоқ Жармақты.  
Қайта олардан Көшім хан  
Бейбіт жұртын қорғайды.»


*М. Мағауин.*

### Сен білесің бе?

Көшім ханның өмірін зерттеуде тарихшы-ғалымдар М.Әбдіров, Ж.Артықбаев, Ө.Ахметовтардың көп еңбектенгені белгілі.

Сүзге сұлу аңыздарда Көшім ханның сүйікті әйелі, Шығай ханның қызы. Көшім хан оған арнап Ертістің бойынан Сүзге-Тұра қалашығын салдырған (*қазіргі Ресейдегі Тобыл қаласының маңында*).

<http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11075>





**1-тапсырма.** Ақпаратты оқулықтың 107-бетіндегі мәтіннен алып, Ноғай Ордасы мен Сібір хандығының қалыптасуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдап жаз.

Мемлекеттер	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары
Ноғай Ордасы		
Сібір хандығы		

**Дескрипторлары:**


- Екі мемлекеттің кем дегенде 2 ұқсастығын анықтап жазады;
- Екі мемлекеттің кем дегенде 2 ерекшелігін анықтап жазады;
- Қорытынды жасайды.

**Қорытынды ой** \_\_\_\_\_



# Өзара бағалау

- «Екі жұлдыз бір тілек»



# Рефлексия

